

1 билет

- 1.Этика – қарым қатынас пен іс әрекеттердің ресми жиынтығы, оның адамгершілік пен сыйластық ғылымы дегенді жазбаша түсіндіріңіз.
- 2.Этика – Адамдар арасындағы сыйластық пен өндірістік әлеуметтік қоғамдық қарым қатынастардың жиынтығынан өрбитін тәжірибе категориясы дегенді қалай түсінесіз? Жазбаша дәлелдеңіз.
3. Парасаттылық – адам бойындағы жылулық қасиеті. Оның мағынасында не тұр? Биік мансап немесе, кішілік пен кісілік, жақсы мен жамандық қатынасының көріністері ма? Жазбаша орындаңыз.

2 билет

- 1.Салиқалы ой мен салмақты сөз, байсалды мінез, тағы басқа ізгілікті қасиеттерге бай адамның психологиялық артықшылығы дегенімізді жазбаша түсіндіріңіз.
- 2.Жалпы этика – адам қызметінің айырмашылықтарына қарамайтын дүниетаным тұтастығы. Ал, оның табиғи жаратылысындағы мінезін тану кәсіби талант дегенді қалай бағалайсыз? Жазбаша түсіндіріңіз.
3. Рухан түлеу, өзіңнің ішкі дүниені жаңғырту, өзіңді тәрбиелеу мақсатында қарым қатынас тәжірибесінің этикалық ұстанымдарына қалыптасу деген мәселенің маңызын жазбаша түсіндіріңіз.

3 Билет

- 1.Адамгершілік – жеке тұлғалық қасиет. Тұлғалық дарынды асқақтата беретін, өзіне деген сенімділікті күшейте түсетін моралдық құбылысы дегенді жазбаша айтыңыз.
2. Жалпы, кәсіби этиканың міндеті дегеніміз қызметтік, өндірістік, шаруашылық арақатынастың нормасымен байланыстырылады. Осы орайда, адамның тұрақтылық қасиетінің маңыздылығы дегенді мысалмен жазыңыз.
3. Этика – даму концепциясы. Демек, білгілі бір орнықты, түбегейлі қалыптасқан тәртіп те заңдылыққа айналып, этикалық қатынас реттілігі де орнығады деген мәселені идея ретінде тәжірибеге енгізіп жазыңыз.

4 Билет

1.Қоғамда этикалық талаптар, норма, тәртіптер: Үлкендерге құрмет көрсету
Этиканы сақтау өмірдің әр саласында әр түрлі. Өз пікіріңізді жазбаша түсіндіріңіз.

2.Күнделікті өмірдің өз этикасы, әр қызметтің өз этикасы, ортаның өз этикасы, әр халықтың жеке этикасы және әрбір таптың өздері ұстанатын жеке этикасы принциптері дегенді жазбаша түсіндіріңіз.

3. Кәсіби құпияны сақтау; өзінің кәсіби құзіреттілігін құрметпен этикалық жоғары деңгейде ұстау, әріптестерімен сыйластық қатынаста болу және этикет талабы дегенді жазбаша түсіндіріңіз.

5 Билет

1. Этика – жалпы мағынада кез келген кәсіптік мораль болып табылады, ал адамгершілік ұстанымы барлық мамандықтарға бағытталған міндет.

2. Этика – адамның қоғамдағы әрекетін реттеудің нормативтік тәсілдерінің бірі. Адам өмірінің барлық салаларында адамның мінез-құлқы мен санасын басқарады. Осы мәселе турасында жазбаша түсіндіріңіз.

3. Адамға ерекше моральдік талаптар қойылған әлеуметтік өмір салаларының бірі еңбек болып табылады. Ал этика – әмбебап моральдік қағидаттар ретінде әлеуметтік маңызы зор тәжірибе дегенді түсіндіріп жазыңыз.